

Қазақстан Республикасының аса маңызды мемлекеттік және стратегиялық объектілерінің, сондай-ақ тіршілікті қамтамасыз ету объектілерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 2001 жылғы 25 желтоқсан N 101-ө

1. Қазақстан Республикасының аса маңызды мемлекеттік және стратегиялық объектілерінің, сондай-ақ тіршілікті қамтамасыз ету объектілерінің (бұдан әрі - күзетілетін объектілер) қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі бірыңғай мемлекеттік саясатты іске асыру мақсатында:

- 1) Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі: күзетілетін объектілердің қауіпсіздігі мен қорғалуын қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік және өзге де органдардың іс-қимылын салааралық үйлестіруді, Қазақстан Республикасының аумағындағы күзет қызметін бақылауды жүзеге асыру мақсатында белгіленген тәртіппен Мемлекеттік күзет қызметі департаментін Комитет (ведомство) етіп қайта құру туралы ұсыныс енгізсін;
күзет қызметін жүзеге асыратын лицензиаттарды бақылауды күшейтсін;
2002 жылғы 1 сәуірге дейін мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, инженерлік-техникалық нығайтылуы, қауіпсіздік жүйелерімен жарақтандырылуы және күзет қызметі субъектілерінің сапалық құрамы бойынша инфрақұрылым объектілерінің белгілі бір санатына қойылатын біліктілік талаптары жөнінде ұсыныстар әзірлесін және Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізсін;
2002 жылғы 1 тоқсанда Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік күзетуге жататын объектілердің қауіпсіздігі мен қорғалуының жай-күйі туралы Үкіметке а қ п а р а т ұ с ы н с ы н ;

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігімен бірлесіп, 2002 жылғы I жарты жылдықта қолданыстағы заңнамаға оларға сеніп тапсырылған объектілердің қауіпсіздігі мен қорғалуын қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерін орындамағаны және (немесе) тиісінше орындамағаны үшін, олардың ведомстволық тиесілігі мен меншік нысанына қарамастан, шаруашылық жүргізуші субъектілердің басшылары мен лауазымды адамдарының әкімшілік жауапкершілігін белгілейтін толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы заңының жобасын әзірлесін және Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізсін;

Бас прокуратурамен (келісім бойынша) және мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, жыл сайын ядролық және радиоактивті материалдары, сондай-ақ екіұдай мақсаттағы материалдары, иондаушы сәуле көздері бар ұйымдар мен мекемелерге

ерекше назар аударып, Қазақстан Республикасының күзетілетін объектілерінің қауіпсіздігін инспекциялауды жүзеге асырсын;

2) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі агенттігі :

белгіленген тәртіппен 2002 жылғы 1 ақпанға дейін "Мемлекеттік құпиялар туралы" Z990349_ Заңның 7-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Президенттің Күзет қызметі, Республикалық ұлан, Қорғаныс министрлігі және Ішкі істер министрлігі күзететін, мүдделі мемлекеттік органдармен келісілген " Қазақстан Республикасының ерекше режимді, режимді және ерекше қорғалатын объектілерінің тізбелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулысының жобасын енгізісін;

3) Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 9 шілдедегі N 651 P980651_ қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының мемлекеттік күзетуге жататын объектілерінде ІІМ органдарының күзет қызметіне төленетін ақының мөлшерлерін бір ай мерзімде бекітсін;

4) Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі 2002 жылғы 1 сәуірге дейін мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, бейбіт уақыт кезіндегі де, сондай-ақ төтенше жағдай енгізілген кездегі де халық үшін техногендік қауіптілігі деңгейі бойынша олардың санатын белгілеу үшін инженерлік-техникалық нығайтылуы әрі қауіпсіздік жүйелерімен жаратандырылуы жөнінде шаралар қабылдауды талап ететін экономика салаларының, сондай-ақ қорғаныс пен қауіпсіздік объектілерін жіктеудің өлшемдерін бекітетін Қазақстан Республикасының Үкіметі шешімінің жобасын әзірлесін және Үкіметке енгізісін;

5) мемлекеттік органдардың басшылары, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері :

2002 жылғы 1 ақпанға дейін белгіленген тәртіппен "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 10 қарашадағы N 1433 P011433_ қаулысымен бекітілген тізбеге сәйкес мемлекеттік күзетуге жататын объектілерді ішкі істер органдарының мамандандырылған күзет бөлімшелерінің күзетке алуына тапсыруды қамтамасыз етсін;

Ішкі істер министрлігіне кейін Үкіметке баяндау үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 10 қарашадағы N 1433 қаулысына сәйкес мемлекеттік күзетуге жататын нақты күзетілетін объектілер тізбесі бойынша ақпарат және қаржылай қамтамасыз ету жөнінде ұсыныстар табыс етсін;

6) Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі :

2002 жылғы 1 ақпанға дейін облыстардың (Астана және Алматы қалаларының)

атқарушы органдарымен бірлесіп республикалық және жергілікті маңыздағы санаттар бойынша қолда бар барлық су қоймаларын, табиғи және жасанды сутоғандарын кейіннен оларды қорғауды және күзетуді қаржыландыруды ұйымдастыру үшін бекітіп
б е р с і н ;

елді мекендерді, автомобиль жолдарын және темір жолдарды су басып қалу қаупін төндіретін гидротехникалық құрылыстардың инженерлік-техникалық беріктігі жөнінде қажетті шараларды мүдделі министрліктермен бірлесіп 2002 жылғы 1 шілдеге дейін
қ а б ы л д а с ы н ;

құзыретті органмен бірлесіп жер қойнауын пайдаланушылардың жұмысты халық және қызметшілер үшін қауіпсіз жүргізу жөнінде келісім-шарттар шарттарын сақтауын , авариялардың алдын алу және оларды жою жөнінде іс-шаралар жүргізуін, техникалық қауіпсіздік пен өнеркәсіптік санитария ережелері мен нормаларын сақтауын
қ а м т а м а с ы з е т с і н ;

7) Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 2002 жылғы I тоқсанда 2002 жылы және кейінгі жылдары республикалық бюджеттен мыналарды қаржыландыру жөнінде ұсыныстарды белгіленген тәртіппен енгізсін;

республикалық маңызға жатқызылған су қоймаларын, табиғи және жасанды сутоғандарын техникалық нығайту жөніндегі іс-шаралар және оларды күзетуді ұйымдастыру ;

мемлекеттік субъектілердің пайдалану мерзімі біткен радиоактивті заттарды көму жөніндегі шығындары ;

8) облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдеріне мыналар ұсынылсын :

2002 жылдан бастап жергілікті бюджеттерде жергілікті маңызға жатқызылған су қоймаларын, табиғи және жасанды сутоғандарын, сондай-ақ гидротехникалық құрылыстарды, бас сағалар тоспаларын, су сору станцияларын және халықты шаруашылық-ауызсу суымен жабдықтау объектілерін техникалық нығайту жөніндегі іс-шараларды және оларды күзетуді ұйымдастыруды қаржыландыруға қаражат көздесін ;

елді мекендерді, автомобиль жолдарын және темір жолдарды су басу қаупін төндіретін гидротехникалық құрылыстардың инженерлік-техникалық беріктігі жөнінде қажетті шараларды 2002 жылғы 1 шілдеге дейін қабылдасын;

9) Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі :

Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттікпен бірлесіп 2002 жылғы I тоқсанда Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына "Ядролық объектілерде техногендік апаттарды болдырмау жөніндегі шаралар туралы" қаулының жобасын енгізсін;

Сыртқы істер және Ішкі істер министрліктерімен бірлесіп олардың құзыретіне сәйкес мұнай-газ секторының шетелдік басқарудағы аса маңызды объектілерінде

қауіпсіздік жөнінде қосымша шаралар қабылдасын;

10) Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі, Ішкі істер министрлігі және Қорғаныс министрлігі:

2002 жылғы 1 ақпанға дейін әуеайлақтардың техникалық жай-күйін зерттеп, азаматтық әуеайлақтарды күзету үшін ішкі істер органдарының мамандандырылған күзет бөлімшелерін, ал бірлесіп орналасқан әуеайлақтар үшін Қорғаныс министрлігінің әскери бөлімдерін тарта отырып, олардың қауіпсіздігінің тиісті деңгейін қамтамасыз ету жөнінде қосымша шаралар қабылдасын;

2002 жылғы 1 сәуірге дейін азаматтар мен қол жүктерін қарау пункттерін қару-жарақты, қопарғыш құрылғыларды және уландырғыш заттарды табу жөніндегі арнайы жабдықтармен және құрылғылармен қосымша жарақтандыру шараларын қабылдасын.

2. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесіне жүктелсін.

Премьер-Министр

Мамандар:

Багарова Ж.А.,

Қасымбеков Б.А.